

**ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:
БАТЫС ЕУРОПА МЕН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ПАРТИЯЛЫҚ
ИДЕОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ
ТАЛДАУЫ**

Бүгінгі таңда Қазақстан демократиялық мемлекеттерге тән көппартиялық жүйелі тұрақты дамушы мемлекет болып табылады. Көппартиялық айқын идеологиялық қағидасы бар тіркелген бір-неше саяси партиялардың болуына негізделеді. ҚР Парламентінің Мәжілісіне сайлау нәтижелері елдегі, Нұр Отаннан басқа көптеген саяси партиялардың әлсіздігін көрсетті. Қазақстандағы партияларда электораттың саяси таңдауын қалыптастыруға бағытталған жеткілікті деңгейдегі мықты идеологиялық базаның жоқтығы анық байқалады. Алайда, электорат үшін күрес көп жағдайда «талғамайтын» құндылықтар, бағдарламалық ережелердің эклектикалығымен, партияның идеологиялық қалауының нақты емес тұжырымдарымен қатар жүреді.

Қазіргі кезеңде біз саяси партиялардың электоратты өз жағына тарту мақсатында әртүрлі идеологиялық мазмұндағы лозунгтерді жиі қолданатынын байқаймыз. Әрине, идеологиялық әсер ету әртүрлі, кей жағдайда бір-біріне сәйкес келмейтін де құндылықтар мен коннотациялардың саналы түрде араласуы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Расында, саясат алаңы кейін қисынсыз «көшірмеге» айналады. Қазіргі саяси жағдайда қандай да бір дәстүрлі идеологиялық үлгілерді қалыптасыру мақсаты да бар.

Бүгінде Қазақстанда, шын мәнінде, қазақстандықтардың барлығын немесе, ең болмаса, көпшілігін жұмылдыруға қабілетті саяси құндылықтар жүйесі, яғни әлеуметтік топтардың саяси қызметін ынталандыратын, біріктіретін амбициялы, эмоционалды қаныққан әлеуметтік-саяси идеал жоқ.

Осыған байланысты саяси партиялардың идеологиялық нұсқауларын қарастыру, қазақстандықтардың саяси құндылықтарын анықтау және орын алған қауіп-қатерлерге баға беру өзекті болып табылады.

Идеология өзінің шындық немесе жалғандық деңгейіне қарамастан, қазіргі уақытта қандай және кейін қандай болу керек деген шынайылықтың қарама-қайшылығынан құралып, қандай да бір идеалға негізделуі қажет. Барлық қарама-қайшылықтарды, қызығушылықты және күнәларды жоюға негізделген кемелденген әлеуметтік тәртіп, адамдар арасындағы фундаменталды үйлесімділікке қол жеткізу мәңгілік арманға айналған көптеген утопияларда көрініс тапты.

Идеологияны консолидациялау үшін олардың мүдделерін тасымалдаушылардың бірлігіне қарағанда, сыртқы жау маңызды рөл атқарады. Бұл жерде сыртқы жау мүдделерді кристаллизациялау үшін мықты катализатор ретінде қызмет атқарады. Егер жау болмаса, оны жасанды түрде қолдан жасайды. Бұл аспектіде идеологияның тиімділігі топтағы мүшелердің қорғаныштық, қорқыныш және агрессия түйсігін туындатқызытын басқа қоршаған әлем зұлым күш болып көрінгенде айқын байқалады. Әрбір идеологиялық құрылым қарсылас немесе жағымсыз бейне жайлы түсініктерден құралады. Көп жағдайда қарсыластың бейнесіне топтың бірлесу деңгейі тәуелді болады.

Идеологияның негізі партиялар, ұйымдар, бірлестіктер, үкімет және т.б. басқа әлеуметтік-саяси күштердің саяси стратегияларынан құралады.

XXI ғасырдың басында партиялар идеологиялық спектрдің орта деңгейін иеленуді қалағаны белгілі. Саяси күштер өз идеологиялық ұстанымдары жақын партиялармен ынтымақтастыққа жол ашса, ал партиялар мемлекеттің және азаматтардың басым бөлігінің мүдделеріне жауап беретін әмбебап бірегей бағдарламаларға ұмтылады. Саяси қызметтің және көптеген партиялардың мақсаты біздің мемлекеттің азаматтарына қажетті – қызықты жұмыс пен жоғарғы жалақылы экономикалық салаға шоғырланған. Ең басты идея – мемлекеттің қайта өркендеуі, Отанның қайта жандануы болады. XXI ғ. басындағы саяси дискурстың негізгі саяси ұраны – бірлік тақырыбы және саяси мақсаттарға жетудің шарты ретінде де болды.

Алайда, басқа бір елдің мемлекеттік құрылымын немесе саяси жүйесін, олардың институттарының қызмет ету ерекшеліктерін, азаматтардың саяси мінез-құлқын дұрыс түсіну үшін саяси құндылықтарын білуі маңызды болып табылады. Саяси құндылықтар көптеген ғасырлар бойы қалыптасады және ұрпақтар бойы эволюцияға ұшырап отырады. Құндылықтар, ой-пікірлер, адамдардың бағыт-бағдарлары нақты бір мемлекетте немесе әлемде болып жатқан оқиғалар, саяси үрдістермен және институттармен тығыз байланысты.

Батыс саяси партияларының идеологиялары

Батыс мемлекеттері саяси құндылықтарының жүйесі саяси құрылымда – плюралистік демократияда, экономикада – жекеменшік және нарықтық шаруашылықта, идеологияда – саяси ұлт принципіне көрініс табады.

1970 жылдары Ұлыбританиядағы саяси партиялардың идеологиясында болған айтарлықтай өзгерістер классикалық либерализм мен нарықтық құндылық концепцияларының жандануы есебінен британдық консерваторлық ойға тән дәстүрлі ұлтшылдық, мемлекеттік биліктің иерархиялығы және әлеуметтік авторитаризм тақырыптарымен үйлесім тауып, мемлекетте ірі көлемді әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жасады.

Лейбористер тек жаңа либералдық постулаттарды қабылдап қана қоймай, сонымен қоса лейбористік және либералдық мұраның бөлігімен, сондай-ақ консервативті ойлармен де біріктірді.

Кейінірек интенсивті партиялық реформалардың нәтижесінде партиялардың ұстанымдары центристік болып және кәсіподақтармен дәстүрлі байланыстардың рөлі төмендеп, сайлаушыларға тартымдырақ бола бастады. Ұлыбритания саяси партияларының идеялық бағдарлары өзгерістерге ұшырады және «демократиялық социализм» дәуірінің ұлттандыру туралы идеясына жол бермейтін шектеулі социал-либерализмге ауысты. Патерналистік нұсқадағы консерваторлық дәстүр Англияда тамыры терең жайылған және саяси құндылықтардың мазмұнына және сипатына үлкен ықпал етеді. Британдық үлгіге топтық дифференциация, басқарудың монархиялық формасы, бюрократиялық институционалдық құрылымдар тән.

Осылайша, Ұлыбританияның үкіметі нақты шешімдерді жүзеге асыру барысында мүмкіндіктердің теңдік, мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілік, демократияландыру және есеп берушілік құндылықтарын басшылыққа алады. Бұл бағыттар британдық идеологияның құндылықтарының дәстүрлі модификациясын – ынтымақтастық, теңдік және әділеттілікті көрсетеді.

АҚШ-та мемлекет құрылуының алғашқы жылдарында бұқараны басқарудың негізгі қаруы шіркеу болған. Консерваторлық құндылықтар діни құндылықтар арқылы сіңісіп, шіркеудің беделі ұзақ уақытқа дейін жоғары болды. Партияның негізгі құндылықтары – «демократия, заңның үстемдігі, сөз бостандығы», «жалпыадамзаттық әмбебап құндылықтар».

АҚШ-та қоғам мен мемлекет өзінің алдына ешқандай мақсат қоя алмайды деген тұжырымнан туындайтын экономикалық либерализм идеологиясы таралды. Кейінірек неоконсерваторлық либерализм идеологиясы пайда болды.

Іс жүзінде социал-демократиялық концепция әлдеқайда консерваторлық сипатта тірек болып

келеді, ұрандар деңгейінде сияқты. Саясатта бұл бағыт социал-демократиямен және Билл Клинтонның орташа либералды-гуманистік центризммен сипатталады. Еркін нарықтағы бәсекелестіктің барлық мүмкіндіктерін қолдана отырып, солшыл центристік саясаткерлер әлеуметтік қомқорлықты қоғамдық жүйенің маңызды тетіктерін қолдап білім және ақпарат саласына ауыстырады.

АҚШ-та либерализм жекелеген жетістік және шектен тыс индивидуализмге негізделген радикалды классикалық (манчестерлік) нұсқасында бекітілген.

Францияда еркін қоғамның либералдық принциптерінің негізі «еркіндік, теңдік, бауырластық» ұранымен ұштасады. 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы Декларация либералдық тәртіптің негізі болып табылатын жеке еркіндік, жекеменшік, қауіпсіздік және зорлыққа қарсылық білдіру құқығын жария етті. Француздық консерваторлар табиғи монополиялардың және экономикада бәсекелестік үрдістерді күшейту мақсатында біртіндеп жекешелендірудің реформаларын бастады.

Республиканы қолдау үшін бірігу (РҚБ). РҚБ саяси бағдарламасы: мемлекеттің нығаюы және президенттік биліктің басымдығы, еңбек етушілер есебінен «қатаң үнемдеу», Францияның ядролық қарулануын одан ары ұлғайту, халықаралық аренада тәуелсіз бағыт ұстану болып табылады.

Француздық демократия үшін одақ (ФДО). Президенттің саясатын қолдайды.

Германияның алдыңғы қатарлы партияларының саяси бағдарламаларында келесі құндылықтар қосылған – ХДО/ХЭО және ГЭДП-ның партиялық ұрандары – «еркіндік, әділеттілік, ынтымақтастық», ЕДП – «еркіндік, теңдік, бауырластық», ортақ жақындық болса да, маңызды айырмашылықтар бар, олар әр партияның ерекшелігін идентификациялауға мүмкіндік береді. Бұл жағдай мемлекеттің саяси жүйесінде көппартиялықтың негізгі идеологиялық алғышарттарының қызметін атқарады. Либералдарды басқа талаптардың алдында еркіндіктің басымдылығы ерекшелендіреді. Христиандық құндылықтар Германияның партиялық идеологиясының негізі болып табылады. Христиандық, Германияның болашақтағы бұқаралық конфессиясы (халықтың үштен екісі өздерін христиандықпыз деп есептейді), тұрмысқа, мәдениетке, дәстүрге және, тіпті, әлеуметтік жүйеге жағымды әсер етеді. Германияда немістердің шамамен 70 пайызы өздерін сенушілер-

міз деп есептейді. Христиандық жастардың тек 5 пайызы ғана жексенбі күні құдайға құлшылық етуге барады. Дегенмен, неміс жастары үшін бұрынғыдай христиандық құндылықтар маңызды, осы жердегі маңызды сұрақ адамның өмір сүруі туралы болып табылады. Қазір мәселе сіз католик немесе протестант екендігіңізде емес. Сіз кімсіз? Сіз қандай адамсыз және қаншалықты сіз адамсыз?

Қазіргі таңда Германияда христиан дінін ұстанушы жастардың саны үнемі қысқаруда (Германияда жастардың төрттен бір бөлігі Құдайға сенеді).

Исламдық саяси партиялар батыс мемлекеттерінде жетістікке ие, олар сонымен қоса әлеуметтік мемлекет идеалдарын насихаттап және исламның құндылықтық жүйесін де құралына айналдырады. Билік пен материалды игілік үшін күрес алаңын жасаған қазіргі зайырлы саяси «ойыншылармен» салыстырғанда, діни партиялардың әділетті қоғам, өз әрекеті үшін жауапкершілік риторикалары жағымды көрінеді. Жастар мәдени бірегейліктен бөлек, саяси және идеялық бірегейлікті іздейді және оны исламнан табады. Сонымен қатар барлық партиялар жыл сайын халықтың исламданып бара жатқанын ескеруі қажет.

Осылайша, келесілерді атап өтуге болады:

- батыс мемлекеттерінің саяси құндылықтары шектеулі діни құндылықтарға негізделген;
- батыс елдері қоғамды өзгертуде реформалық жолды таңдаған;
- нарықтық экономика мен саяси демократияның негізін қалаған принциптерді, қоғамның барлық саласында, әсіресе, әлеуметтік және экономикалық салаларда мемлекеттің рөлін арттыруды мойындады.
- саяси партиялардың әлеуметтік-саяси бағдарламаларының негізінде либерализмнің, консерватизмнің және социал-демократизмнің идеялық-саяси ағымының принциптері бар.

Христиан-демократиялық одағы

Ұраны – әлеуметтік әділеттілік, демократия мен «христиандық социализм» туралы. Үкіметтің шетелдіктердің келуіне шектеу саясатына қарамастан, мемлекеттің беделін сақтау үшін «барлығына ашық мемлекет» ұранын жариялаған болатын.

Христиандық-демократиялық одақ ірі кәсіпкерлердің және шенеуліктердің мүдделерін қорғайтын кадрлық партия болып табылады. Экономикалық саясат қаржылық-өнеркәсіптік олигархияны қолдауға бағытталған. Экономикалық саясаттың тиімділігі үшін олар белсен-

ді өндірістік оқумен айналасатын кәсіби кадр дайындай бастады.

Германияның ЕО пен НАТО-ға мүшелігі германдық сыртқы саясаттың негізгі шарты болып қала береді. Еуропалық бірігу идеясы саяси да, экономикалық та көзқарастан қарағанда маңызды сұрақтардың бірі болып қала береді.

Германияда жұмысбастылықты қамтамасыз ету.

Партияның саясаты туралы азаматтарға жан-жақты түсіндіру саясатын жүргізеді, сонымен қатар өзінің қызметінің жағымды жақтарын айта отырып және жағымсыз жақтарын уақыт аздығымен түсіндіреді.

Қылмыспен, зорлықпен және экстремизммен күресті жүргізіп келеді. Полиция «мемлекеттегі ішкі әлемді қорғау» мен полициялық әрекеттердің тиімділігі үшін көптеген өкілеттіктер мен қосымша техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Кез келген оңшыл экстремистік партиялармен ынтымақтастыққа тыйым салынған.

Бүгінгі күні христиандық-демократиялық одақ либералдық идеологияны ұстанады, партия ішінде оңшыл, сонымен қатар солшыл қанаттар да бар, бірақ жүргізіліп отырған саясатқа қарап центристік саясатты ұстанады деген қорытынды жасауға болады.

Христиан-әлеуметтік одағы

ХЭО түгелдей Еуропаның классикалық консервативті партиясының бірі болып қала береді, өзінің саяси стратегиясын консерватизмнің негізін қалаушы принциптерінен негізге алып, бұл принциптерді қорғап келеді. Қазір неміс консерваторлары жаңа экономикалық өндірісті ынталандыруды жасап, ақырындап мемлекетті жалпыға ортақ әл-ауқаттылыққа көшіруге тырысып жатыр. Сонымен қатар, дотациялық аймақтардың ықпалын төмендету және жерлерді тиімді экономикалық дамуға ынталандыру үшін саяси реформалардың жобаларын дайындап жатыр.

Германиядағы социал-демократиялық партия

ГСДП сайлауалды бағдарламасы 2009 жылы 18 сәуірде Берлинде партия басшылығының мәжілісінде қабылданған:

Жағдайы төмендердің салықтарын төмендетуде ГСДП болашақта толық көлемде салықтарды төмендету жағдайын қарастырмайды. Сондықтан салық жеңілдіктері төмен және орта табысты адамдарға, сонымен қатар балалары бар отбасыларға ғана арналған. Кіріс салығының бастапқы мөлшерлемесі 14-тен 10 пайызға дейін төмендейді. Табыстың салық салынбайтын бө-

лігі отбасында баланың бар болуына байланысты 2010 жылдан бастап қазіргіден 3864-тен 200 евроға дейін көтеріледі. Бюджеттік шығындар жаңа биржалық айналымның енгізілуінен өндірілмекші, сонымен қатар осы қаражатты білімге қосымша шығындарды қаржыландыруға жұмсау жоспарланып отыр.

Экономикалық конъюнктураның жандануы ГСДП конъюнктураның жандануына бағытталған мемлекеттің белсенді саясатын алға тартады. Шұғыл қажеттілік туындаған жағдайда мемлекет «қосымша шығындармен» жауап беруі керек. ГСДП экономикасының потенциалды өсуін климатты және экологияны қорғауға байланысты технологиялардан, сонымен қатар денсаулық сақтаудан көреді.

Экология, энергетика, транспорт. ГСДП-да қаржылық және экологиялық дағдарысты бір-біріне қарсы қоюға болмайды дейді. Климатты қорғау саласындағы амбициялық саясат 2020 жылға қарай 500 мың, ал 2030 жылға – 800 мың жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуі тиіс.

Германияда энергияны қамтамасыз ету саласы орта мерзімді болашақта мұнайды импорттаудан тәуелсіз болуы керек. 2030 жылға қарай мемлекеттегі қолданылып отырған энергияның жартысы социал-демократтардың есептеуі бойынша, қайта қалпына келетін энергия ресурстарының есебінен жасалатын болады. 2021 жылға қарай Германия атомдық энергиядан толығымен бас тартуы керек.

Келесі сайлауға дейін Deutsche Bahn теміржол концернін акцияландыру мүмкіндігін, сонымен қатар жеке инвесторлардың бұл өнеркәсіпте қатысуын алып тастады. Жұмысқа бару үшін үнемі көлік қолданатын адамдар, табыстан тәуелсіз бірдей салықтық өтемақы алуы тиіс.

Еңбек нарығы, білім, отбасы. ГСДП мақсаты «толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету» болып қала береді. Көп мөлшерде минималды көлемде еңбекке ақы төлеуді ендіру керек. Бұл үшін арнайы комиссия құрылады.

Мектепті тастайтын балалар саны қазіргі кезде 80 мыңды құрап отыр, әр жыл сайын 10 пайызға қысқарып отыруы керек. Толық жұмыс күні жұмыс жасайтын отбасылар үшін (қазіргі уақытта балабақшалар 13 немесе 14 сағатта жабылады) 2013 жылға қарай балабақшадан орын алу құқығына ие болуы тиіс. Балабақшалар бірінші жоғары білім сияқты тегін болуы тиіс.

Әлеуметтік жүйе. Барлық азаматтар және еңбек ететіндер сырқаттардан, мүгедектіктен және кәріліктен сақтандыруға қатысуы керек. Зейнетақы жасы 67 жас мөлшерінде қала береді, де-

генмен, ГСДП үлкен жастағы еңбек етушінің индивидуалды қажеттіліктерін жіті назарға алады.

Швецияның социал-демократиялық жұмыс партиясы (ШСДРП)

Партия бағдарламасы «демократиялық социализмнің» принциптерінен құралады, реформалық сипатқа ие, дегенмен экономикалық, өндірістік демократияның радикалды талаптары да бар. Әлеуметтік-экономикалық реформаларға баса назар аударады.

Қазақстандағы саяси партиялар

Қазақстанның саяси-партиялық спектрінде болып жатқан идеологиялық үрдістердің маңызды ерекшелігіне «вертикалды», жарып өту (бүкіл спектр арқылы) және ұлттық идеологемдердің енуі, партиялардың құрамдас, ерекше немесе позициялардың негізгі тақырыбы болып табылатын ұлттық көзқарастарды қолдануын жатқызады.

Қазақстан партияларының идеялық-саяси платформаларына, әсіресе полярлық партиялық топтар арасында қарбаластық, конфронтациялық қарсылық тән.

Кейбір қазақстандық саяси партиялардың идеологиялық әрекеттерінің ерекше сипатына платформаларының элементі ретінде консерватизмді ғана пайдаланып қоймай, діни мәселеге екпін жасағанын байқаймыз.

Барлық саяси партиялардың платформаларындағы идеялық-саяси күрес түрлерінің әралуандылығы олардың бағдарламалық құжаттарында Қазақстандағы саяси үрдістерді кең көлемді өзекті бағалауларды, конструктивті идеяларды, ұсыныстар мен жобаларды, идеялық-саяси алуандылықты бейнелеу және мемлекеттік саясатты оңтайландыруға потенциал болып табылады.

ҚР-дағы қазіргі партиялық жүйенің жағымды жақтары:

- салыстырмалы түрде жалпымен қабылданған демократиялық стандарттарға сәйкес келетін (формалды түрде) саяси институционалдырудың дамыған деңгейіне жетіп отыр;

- салыстырмалы түрде партиялық жүйе тұрақты, саяси экстремизм жоқ, сонымен қатар, қазақстандық мультиэтникалық қоғамы үшін қауіпті этно- және конфессионалдық-бағытталған партиялар жоқ.

Қазақстандағы партиялық жүйенің кейбір жағымсыз жақтары:

- партияаралық бәсекелестіктің төмен деңгейі;
- партиялық құрылымдардың мемлекеттік-саяси шешім қабылдау және оларды жүзеге асыру барысында ықпалының төмендігі;

- көптеген партиялардың «көсемшілдік» сипаты;

- шағын топтардың мүдделеріне бағытталуы;
- әлеуметтік негіздің және саяси идеологиялардың анық еместігі, бағдарламалық платформалардағы әлеуметтік популизмнің басым болуы;

- халықпен байланыстың төмендігі;
- электоралды кампания кезеңінде ғана партиялардың жандануын сипаттайтын парламенттік типтегі қызмет.

Қазақстанның саяси дамуы үшін партиялық-саяси жүйені функционалдылықты күшейту жағына айтарлықтай трансформация қажет, мемлекеттік басқару барысында шыннайы партияның саяси қатысуын ұлғайтуын қарастыратын, сондай-ақ халықтың өз саяси қалауларының агрегациялау механизмін тиімді құру мақсатында олардың құрылымдарын қайта реформалау қажет.

2006-2007 жж. басталған партиялық саланың жаңа конфигурациясы қалыптаса бастады және Қазақстандағы партиялық-саяси жүйенің дамуының келесідей тенденциялары көріне бастады:

- Қазақстандағы партиялық-саяси жүйе құрылымдарын оңтайландыру байқала бастады;

- президенттік және парламенттік сайлаудың алдында басқарушы элитаның консолидациясының қажеттілігі, бұл үрдістің рәсімделуі ішкі сипаттың себебінен туындаған билікке жақтас партиялардың бірігуінің салдары болды.

Дегенмен, сайлау күресінің барысында жеңілістен кейін бұрынғы құрылған «центристік» және оппозициялық партиялық альянстар тарап, бастапқы жағдайына қайтып оралды. Сонымен қатар, ҚР Президентінің қысқа мерзімді болашақта партиялық заңнаманы либерализациялау бойынша ұсынысының енгізілуіне байланысты саяси кеңістікте қазіргі партиялардың санының ұлғаюы мүмкін (1-2 партияға).

Екіншіден, квазикөппартиялық жүйеден бір жарым партиялық жүйеге ауысу үрдісі анық көрініс табады.

Оның қалыптасуы жоғарыда аталған партия алаңының қайта құрылымдану үрдісінің қалыптасуынан, президенттікке жақтас партиялардың бірігуімен, сайлаудан кейінгі фрагментацияның оппозициялық лагері, сонымен қатар, 2007 ж. Конституциялық реформалар салдарымен байланысты болып табылады.

Осы өзгерістердің нәтижесінде Қазақстанның партиялық-саяси жүйесі классикалық «бір жарым партиялық» құрылымды болды, басым партиясы

және сонымен қатар көзге түсе қоймайтын рөлдегі ұсақ партиясы бар болуымен сипатталады. Ескере кететін жайт, осындай партиялық-саяси жүйе қазіргі кезде тұтастай бірнеше мемлекеттерде басқарудың демократиялық болсын, авторитарлы режимінде болсын кең таралған.

Бір жарым партиялық жүйенің жағымды мүмкіндіктері

Тұтастай алғанда, «бір жарым партиялық» жүйені бағалай келе, айта кететін жайт, оның саяси болашағы бірқалыпты емес. Осындай жүйесі бар бірнеше мемлекеттер ХХ ғ. 2-ші жартысында табысқа жеткен. Жапония және Швеция әлемдегі жоғары дамыған мемлекеттердің қатарына жатады; Қытай мен Үндістан сынды «оңтүстік-шығыс барыстарының» экономикасының екпіндері де таңқалдырады; Мексика әлемде орта дамыған мемлекеттерінің қатарына тұрақты түрде кіріп келеді. Көптеген басқа да себептерді назардан тыс қалдырмасақ, бұл жетістіктерге жетуде белгілі мөлшерде саяси құраушысы «бір жарым партиялық жүйесі» бар болуы әсер еткен болуы мүмкін деген ойға келесің. Жеке-кей алғанда, бұл мәселемен айналысатын зерттеушілер экономиканың және өмірдің әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне басым партияның саясатында көрініс табатын қоғамдық тұрақтылық, мемлекет дамуының стратегиялық бағытының ауыспалылығы, жалпы ұлттық міндеттерді шешудегі тұтас қоғамның мобилділігі ықпал еткен болатын деп есептейді.

Олардың қызмет ету барысында туындауы мүмкін қоғамдық қатерлер:

- билікте ұзақ уақытқа бір партияның болуы нәтижесінде авторитаризмге әкелуі мүмкін;
- партиялық және мемлекеттік аппараттың тұтасуы жауапқа тартылмаудың, бюрократизм және жемқорлықтың өсуіне жол ашуы мүмкін;
- доминант партияда саяси инерттіктің пайда болуы, биліктің делегитимділігі нәтижесінде халық тарапынан қолдау мен сенімінен айырылуына әкелуі мүмкін.

Бұған айқын мысал – Африканың, Индонезияның кедей мемлекеттерінің қатары (Сухарто генералдың басқару кезеңінде), Филиппин (Ф. Маркостың басқару кезеңінде) және т.б.

Бұл қауіптерден қорғану тәсілдері:

– басқарушы партияның демократиялық принциптерді ұйымдастыруда қоғаммен бірлесе өмір сүріп, қоғамның демократиялық негіздерін қамтамасыз ету;

– заңдылықты мүлтіксіз сақтау, қоғам мен биліктің кері байланысты орнатуды ұйымдастыруы, азшылықтың құқықтарына құрметпен

қарау, сонымен қатар, тәуелсіз БАҚ арқылы және басқа да белсенді азаматтық қоғам арқылы билікке деген қоғамдық бақылау механизмдерінің іс-әрекеттілігінің болуы.

Қазақстанның жағдайында «бір жарым партияның» көрініс табуын айтатын болсақ, оның беріктігі өткен Мәжіліс сайлауы және республиканың Негізгі Заңына өзгерістер енгізілуінің нәтижесінде «Нұр Отан» партиясының саяси монополиясынан құралады.

Биліктік «Нұр Отан» партиясы Қазақстанның алдағы уақыттағы тағдырына тұтастай жауапкершілікті алып жүретін болашақтағы жалғыз саяси күш болып қала береді. Анық түрде бұл жағдай саяси өмірдің тұрақтылық факторы ретінде алға шығады, билік тармағындағы анықтаушы абсолютті басымдық «Нұр Отан», партиялық бағыттағы жүзеге асырушы ретінде барлық деңгейінде олардың бірлігін қамтамасыз етуші ретінде де көрінеді.

Дегенмен, бұл үрдістің партиялық-саяси және мемлекеттік механизмдердің дұрыс қызмет етуінде айтарлықтай проблемалар туындататын жағымсыз жағы да болуы мүмкін.

Олардың қатарына келесілерді қосуға болады: саяси бәсекелестіктің қысқаруы (әлеуметтік апатия, биліктегі партияның инерттігі, шешім қабылдаудың жабықтығы, билікті арбау арқылы иемдену, жемқорлықтың өсуі және басқа да құбылыстар жағымсыз мультипликативті салдарларға әкелуі мүмкін, бұл «тұрып қалу» түсінігімен сипатталады), партиялық және мемлекеттік аппараттың тұтасуы (кеңестік кезеңнен айырмашылығы бұл жерде кері жүріс бар – партия мемлекеттік аппаратпен жұтылуы, мемлекеттік машина саяси қосалқыға айналады), биліктегі партияның ішкі құлдырауының қаупі өседі (ішкі партиялық топтардың бәсекелестігінің шиеленісуі), басқа партиялардың белсенді саяси қатысуын алып тастау, оппозициямен диалог жүргізу шарттарының нашарлауы және тұтастай азаматтық қоғамның даму екпінінің тежелуі*. Ішкі партиялық кеңістікте элиталардың бәсекелестігінің орнын ауыстыру бұрынғыдай оны қоғамнан тұйық жасайтыны жағымсыз салдары болуы мүмкін.

Үшіншіден, қазіргі кезеңдегі ҚР партиялық-саяси дамуы деңгейінде партиялық құрылыстың бәсеңдеу үрдісі байқалады.

1990-1993 және 1998-2005 жж. айырмашылығы, жаңа партиялардың құрылуының қарқынды үрдісін сипаттайды, ал қазіргі партиялық құрылыстағы бәсеңдеу екпін саяси алаңның әлдеқашан құрылып қойғанын айтады. Жаңа

партиялардың құрылуы (К. Сатыбалды «Ақ Орда», М. Шаханов «Халық Рухы») саяси процеске айтарлықтай қатысуға деген наразылық білдіруге қарағанда, конфессионалды және этникааралық салада өзекті мәселелердің пайда болуымен байланысты деп айтуға болады. Сонымен қатар, саяси партиялардағы жаңа мүшелердің келуі тоқтатылды.

Төртіншіден, кейінгі уақытта партияаралық бәсекелестік деңгейінің төмендеуі байқалады, электоратты тартуға бағытталған партиялық үгіт-насихаттық акциялардың саны азаюында көрініс табады, идеологиялық күрестің жоқтығы, сонымен қоса, көптеген партиялардың конструктивті түрде өзара ықпалдастыққа дайын екені көрінеді.

Айтылған үрдістерің аясында, сондай-ақ, ұсынылған конституциялық өзгерістермен байланысты Парламент депутаттарының құрамын басқа партиялармен толықтыруын қарастыратын, қазіргі республикадағы партиялық-саяси жүйедегі күштердің орналасу мәселесі және алдағы болашақтағы партиялардың мүмкіндігі өзекті болып қарастырылады.

Қазақстанның саяси аренадағы басым жағдайы Президент Н. Назарбаевпен басқарылып отырған, өзінің қатарында 700 мыңнан астам мүшені, сонымен қатар, қазіргі барлық мемлекеттік-бюрократиялық номенклатураны біріктіріп отырған «Нұр Отан» партиясы алып отыр. Партия мықты әкімшілік ресурсқа, салмақты қаржылық негізге (бұқаралық мүшелік жарнасының есебінен де, мемлекет тарапынан да қаржыландырудың жаңа конституциялық өзгерістеріне байланысты), ақпарат құралдарымен (мемлекет бақылауындағы есеппен және аффилирленген жеке БАҚ компаниялармен), тармақтануымен ұйымдастырылған құрылымға ие.

Партияның әлсіздігі мен күші оның мобилизациялық мүмкіндіктерінің негізі әкімшілік ресурсына негізделеді және оның негізгі белгісі қазіргі Президенттің билігі мен беделі болып табылады. Соңғы сайлау нәтижесі бойынша

«Нұр Отанның» өкілдігінің ұлғаюып, атқарушы билік органдарын да құрады. Партияның басымдығы жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы сайлау компанияларында да айқын байқалады.

Қазақстанның партиялық жүйесі қоғаммен, мемлекетпен әлсіз ықпалдастықта деп айтуға болады. Сонымен қатар республиканың көппартиялылығы қоғамның шынайы әлеуметтік құрылымын, халықтың басым бөлігінің мүддесін көрсетпейді. Партиялардың идеологиясының айқын бағыттылығы әлі күнге дейін анықталмаған, бұл қоғамның мүдделерін алға тартуға емес, билікке жекелей колжетімділікке бағытталған. Бұның бәрі мемлекеттің саяси құрылымында партияның пассивті рөл ойнауына алып келеді. Қорытындылай келе, партиялық жүйенің әлсіздігі манипулятивті демократияның құралына айналуына алып келеді; партиялардың билікке деген бағынышты жағдайында қалуына; өздерінің мүдделерін шынайы қорғайтынын көрмейтін халықтың саяси абсентеизміне; жалпы партияға деген сенімсіздікке; саяси еркіндіктерін шынайы көрсетуші ретінде партияға халықтың сенімсіздігі билікке деген легитимділіктің жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін, ал бұл тікелей түгел Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесінің динамикалық тұрақтылығына және қызмет етуінің тұрақтылығына ықпал етеді; мәселенің тағы бір салдары азаматтық қоғамның даму үрдісінің тежелуі болып табылады.

Бұл жағдайда биліктің тұрақтандырушы қызметін өзіне мәжбүрлі алуында басқарудың авторитарлы әдістерін қолданбауы мүмкін емес, олардың жүйелік кемшіліктерінің өсуі саяси дағдарысқа қауіп төндіруі мүмкін. Транзиттік қоғамның шарттарында саяси тұрақтылықты сақтау амалы ретінде биліктің орталықтандыру деңгейінің көтерілу қаупі сақталады. Дегенмен, шектен шыққан мемлекеттік және партиялық аппараттың орталықтандырылуы авторитаризмнің, бюрократизацияның, жемқорлықтың үрдісін туындатады, ол даму векторының өзгеруіне қауіп төндіреді.

Әдебиеттер

- 1 Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 296 с.
- 2 Булуктаев Ю.О. Партийно-политическая система России на новом этапе развития. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 112 с.
- 3 Выборы – 2004 в Казахстане: Стратегия и тактика политических партий // Центральная Азия и Кавказ (Швеция). – 2005. – № 1.
- 4 Понятие и функции политической идеологии // <http://news.zancor.ru/index.php/politologia>

5 Громько А.А. Модернизация партийно-политической системы Великобритании // <http://cheloveknauka.com/modernizatsiya-partiyno-politicheskoy-sistemy-velikobritanii>

6 Либеральные ценности, или раздумья у парадного подъезда Европы http://gazeta.zn.ua/SOCIETY/liberalnye_tsennosti_ili_razdumya_u_paradnogo_podezda_evrop

7 Маликов К. Оценка политических партий с точки зрения идейно-религиозной идентификации // http://www.idmedina.ru/books/materials/rmforum/3/teo_malikov.htm

References

1 Seylehanov E.T. Politicheskaya sistema Respubliki Kazahstan: opyt razvitiya i perspektivy: monografiya. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2009. – 296 s.

2 Buluktaev Y.O. Partiyno-politicheskaya sistema Rossii na novom etape razvitiya. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2014. – 112 s.

3 Vyborny-2004 v Kazahstane: Strategiya i taktika politicheskikh partiy // Centralnaya Aziya i Kavkaz, 2005, № 1;

4 Ponyatie i funkcii politicheskoy ideologii // <http://news.zancor.ru/index.php/politologia>

5 Gromyko A.A. Modernizatsiya partiyno-politicheskoy sistemy Velikobritanii // <http://cheloveknauka.com/modernizatsiya-partiyno-politicheskoy-sistemy-velikobritanii>

6 Liberalnie cennosti, ili razdum'ya u paradnogo podezda Evropy http://gazeta.zn.ua/SOCIETY/liberalnye_tsennosti_ili_razdumya_u_paradnogo_podezda_evrop

7 Malikov K. Ocenka politicheskikh partiy s tochki zreniya ideyno-religioznoy identifikacii // http://www.idmedina.ru/books/materials/rmforum/3/teo_malikov.htm.